

НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ ӨМІРІ

Нархоз Университетіндегі ғылыми-зерттеу қызметтерінің ауқымы алуан түрлі және ол экономика, қаржы, менеджмент, құқық, аймақтану, әлеуметтану, экология, data science және т.б. бағыттарды қамтиды.

Университеттегі ғылыми қызмет профессорлық-оқытушылық құрам мен білім алушылар зерттеулерімен қатар, факультеттердегі пәнаралық зерттеулер мен университетаралықынтымақтастыққа мүмкіншілік беретін ғылыми-зерттеу орталықтары, лабораториялар мен институттар негізінде қалыптасады.

Нархоз Университетінің зерттеу орталықтары мен институттары жаңа идеяларды қолдайды, инновациялық зерттеулерге ашық және Қазақстан мен Орталық Азия аймағы экономикасының интеграциясы мен жаһандануы саласындағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруда зерттеушілер мен білім алушылардың ынтымақтастығы үшін әр түрлі мүмкіншіліктер ұсынады.

Нархоз Университеті экономикалық ғылымды дамытуға тұрақты үлес қосуды және Қазақстан Республикасының әлемдік ғылыми кеңістікке кіру үрдісін ілгерілетуді мақсат етеді.

Қазіргі таңда Университетте келесідей ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттар қызмет етеді:

ГЕНДЕРЛІК ЭКОНОМИКАНЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ (GERC)

Гендерлік экономиканы зерттеу орталығы Open Society Foundation Сорос-Қазақстан қорының қаржылық және сарапшылық қолдауымен ашылды. Жақында Орталық Қазақстандағы ақы төленбейтін жұмыс тақырыбындағы жоба бойынша БҰҰ-Әйелдер грантын ұтып алды. Орталықтың мақсаты баршалық экономикалық әл-ауқат пен теңдікке ықпалдасу болып табылады. Орталықтың ғылыми қызметкерлері зерттеулер жүргізеді, мақалалар жариялайды, іс-шаралар ұйымдастырады және Қазақстан мен Орталық Азия жоғары оқу орындарында гендерлік экономика бойынша оқу пәндерін насихаттайды. Жақында өткен іс-шаралар Teaching Gender Economics (Фридрих Эберт қорымен бәрлесе отырып) семинарлар сериясы мен гендерлік экономика бойынша халықаралық форумды қамтиды.

Директор: Майгуль Нугманова, э.ғ.к., maigul.nugmanova@narxoz.kz

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ (SKRI)

SKRI Орталық Азиядағы тұрақты дамыту сферасындағы алғашқы ғылыми институттардың бірі болып табылады. Институт миссиясы – Қазақстан және одан тыс жерлердегі тұрақты дамудың кейбір неғұрлым өткір мәселелерін шешу мақсатындағы тәсілдерге бағытталған академиялық және далалық зерттеулерге ықпалдасу. Институт Университеттің тұрақты даму стратегиясын әзірлеуде және халықаралық ұйымдармен (БҰҰ және басқалар) бірлескен жобалар бойынша жұмыс жасауда. Атап айтқанда, жақында Институт Абу-Дабидағы Дүниежүзілік урбанистика форумында «Өсіп келе жатқан экономикалардағы ауа сапасы және инновациялық технологиялық әлеует» атты іс-шара өткізу үшін БҰҰ грантын (UN Habitat) жеңіп алды.

Директор: Брендан Дюпри, Ph.D., Brendan.duprey@narxoz.kz

АДАМ РЕСУРСЫН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ (HRRC)

HR зерттеу орталығы Қазақстанда және Орталық Азияда HR саласындағы зерттеулерді алға жылжыту мақсатымен құрылған. Орталықтың мақсаты - адами ресурстар сферасындағы зерттеушілер мен практиктерді біріктіру болып табылады. Орталықтың жобаларына HR-практиктерінің ұйымдық нәтижелерге және қызметкерлердің жұмыс нәтижелеріне әсері туралы зерттеулер; Орталық Азияда орналасқан шағын және орта бизнестегі стратегиялық икемділіктің эмпирикалық зерттеулері; Орталық Азияда жұмыс істейтін қытайлықтарға назар аудара отырып, экспатрианттар арқылы білім беру туралы зерттеулер; персоналды дифференциалдау бойынша эмпирикалық зерттеулер мен I-Deals және басқалары кіреді. Орталықтың серіктестері – жетекші британдық университеттердің (University of Bath, Essex University және т.б.) профессорлары.

Директор: Асылбек Нургабдешов, Ph.D., assylbek.nurgabdeshev@narxoz.kz

ЖІБЕК ЖОЛЫ КЕЙС ОРТАЛЫҒЫ (SRCC)

Кейс-стади – бұл білім берудегі міндетті педагогикалық әдіс. Өзара байланысты жаһандық экономика жағдайында бизнес ортасы күрделене түскен сайын, әр түрлі контекстерге әсер етуді ұсынатын кейстерге деген қажеттілік үнемі артып келеді. Кейс-орталықтың міндеттеріне аймақтық және жаһандық аудиторияға бағдарланған Орталық Азия ұйымдарының кейстерін құрастыру; әлемдік кейстерді аймақтық тілдерге аудару; техникалық, әлеуметтік, экологиялық және этикалық түсініктері бар көшбасшыларды дамыту үшін Орталық Азиядағы «Кейс-стади қозғалысын» ілгерілету; жетекші әлемдік баспалармен және кейстерді зерттеу қауымдастықтарымен белсенді ынтымақтастық кіреді.

Директор: Анжан Гош, Ph.D, anjan.ghosh@narxoz.kz

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ (ECELR)

ECELR Орталық Азияда және одан тыс жерлерде құқықтық және экономикалық саясат шараларын әзірлеу және іске асыру бойынша сараптамалық-талдамалық алаң ретінде қызмет етеді. Орталық қызметі өзіне құқықтық және экономикалық саясат сферасында зерттеулер жүргізуді; құқықтық және экономикалық саясатты қалыптастыруда жергілікті, ұлттық және халықаралық мүдделі тараптардың сараптамалық қолдауын; осы сферадағы білім беру қызметін қолдауды; негізгі ұлттық және шетелдік ұйымдармен серіктестікті дамытуды қосады. Орталық жергілікті және халықаралық сарапшылармен бірлесе отырып, Қазақстан мектептерінде адам құқығы сферасында білім беру, LegalTech және цифрландыруды дамыту және әсер ету мәселелері мен әкімшілік әділет реформасы, сонымен қатар Қазақстандағы экономикалық қызметті реттеу бойынша зерттеу және тәжірибелік жұмыстарын жүргізеді.

Директор: Андрей Шенин, т.ғ.к., andrey.shenin@narxoz.kz

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОЛАШАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ (QRIFS)

Нархоз Университетінде тұңғыш рет Қазақстанда және Орталық Азиядағы болашақты зерттеу мен болжаудың институты ашылды. Қазіргі таңда болашақты болжау әлемдік зерттеулердегі өзекті бағыттардың бірі болып табылады, сценарий әдісі мен басқа тәсілдерді қолдана отырып, жылдам өзгермелі аймақтық және жаһандық трендтерді (саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени және басқалар) зерттеудің аса қажеттілігі бар. Институттың мақсаты – Орталық Азия елдерінде стратегиялық болжамдау бойынша пәнаралық зерттеу жобаларының негізін қалаушы болу. Қазіргі уақытта БҰҰ, ЮНЕСКО, Интерпол, Дүниежүзілік банк, БАӘ үкіметімен, Қазақстан, Өзбекстан мемлекеттік қызмет академияларымен және т.б. бірлескен зерттеу жобалары пысықталуда және, меморандумдар жасалуда.

Директор: Джон Суини, Ph.D, john.sweeney@narxoz.kz

DS-LAB

DS-Lab жобасының шеңберінде корпоративтік клиенттерге арналған деректерді талдау бойынша білім беру курстары мен консалтингі жүзеге асырылуда. Нархоз Университеті Қазақстанда және аймақтағы үлкен деректерге талдау жүргізу бойынша сапалы білім беруді дамыту және оның деңгейін көтеру қажеттілігін белгілейді. DS-Lab келесі бағыттар бойынша жұмыс жоспарлайды: үлкен деректерді талдау сферасында білім беру – бизнес қызметкерлері үшін деректерді талдау бағдарламаларын меңгеру курстары; коммерциялық компанияларға деректерді талдау сферасында жобалық консультация қызметін көрсету; «Бизнес талдаушылар қауымдастығы» кәсіби-сарапшы қоғамдастығын құру.

Директор: Виталий Ли, vitali.li@narxoz.kz

Толық ақпарат www.narxoz.kz/kz/research/ сайтында

Нархоз Университетінің зерттеу қызметі ғылым департаментімен үйлестіріледі: ari@narxoz.kz

Біз ынтымақтастықтың жаңа идеялары мен мүмкіндіктерін қолдаймыз!